

6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған докторанты Мамекова Асем Танирбергеновнаның «Студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивацияның психологиялық әсерін зерттеу» тақырыбында дайындалған диссертациясы бойынша тағайындалған ресми рецензенттің жазбаша пікірі

R/с	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) және/немесе ғылымның даму бағыттарына мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертациялық жұмыс ғылымның даму бағыттарына, мемлекеттік бағдарламаға сәкес «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес Бәсекеге қабілетті тұлға мен маманды қалыптастырудың негізі отбасында, қоғамда және білім беру жүйесінде қалыптасатын құндылықтар болып табылады. Жаппай кәсіптерді меңгеру және білікті кадрларға деген сұраныстың артуына байланысты оқу кезеңінде кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелерінің болуы, студенттердің кәсіби дайындықпен байланысындағы мотивациялық саланы талдау қажеттілігі, Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес бағытталған. Зерттеудің өзектілігі, болжамы, теориялық және практикалық мәні толыққанды көрсетілген.
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады, оның маңыздылығы да жақсы ашылған. Себебі, Алғаш рет Қазақстандық психология ғылымында

			студенттердің тұлғалық өсуіндегі кәсіби даярланудың мотивациясы қарастырылып, іргелі және қолданбалы білімдерді дамытуға мүмкіндік жасалған. Зерттеу мақсатын теориялық талдау арқылы, дамытушы тәжірибелік жұмыстардың барысында студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивациясын қалыптастыру бағдарламасы жасалынып, оның құрылымдық мазмұны тәжірибеде ашылды. Алғаш рет ЖОО-дағы білім беру жүйесіне «Тұлғалық өсуі және кәсіби даярлану мотивациясы» атты пәннің арнайы оқу - бағдарламалық кешенінің жоспары ұсынылып, тәжірибе жүзінде қолданысқа ие болған.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u>; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмысты дайындауда диссертанттың өзі жазу екендігі теориялық тұрғыда Қазақстандық және шетелдік және ресейлік ғалымдар еңбегіне талдау жасап, тәжірибе барысында алған нәтижелері негізінде көрініс тапқан. Автордың көп жылдық тәжірибемен жаңа мәселені шешу жолдарын ұсынған.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u>; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігінің дәлелі <i>негізделген</i>. Кәсіби және тұлғалық даму мәселесі тұрақты өзектілікке ие, ол адам өміріндегі кәсіби іс-әрекеттің маңыздылығымен анықталады. Қазіргі уақытта отандық және шетелдік әдебиеттерде тұлғаның кәсіби дамуы мен маманның тұлғалық дамуының жоғары кәсібилік пен шеберлік деңгейіне жетуі туралы,

		зерттеушілер оны зерттеу объектісі мен мақсатына қарай әртүрлі мазмұнмен толтырғандығын студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивацияның психологиялық әсерін зерттеу мәселесін түсіну барысында бірқатар қарама-қайшылықтарды анықталған. Олар: - әлеуметтік-экономикалық қайта құруларға байланысты өзгерген кәсіптік қызмет жағдайлары және ЖОО түлектерінің кәсіби қызмет мәселелерін шешуге дайын болмауы; - мамандарды кәсіптік даярлау теориясының дамуы, педагогикалық теорияда кәсіптік білім беруді ұйымдастырудың тәсілдерінің жеткілікті санының жоғары деңгейде өңделуі мен ЖОО жағдайында студенттерінің болашақ кәсіби іс-әрекетіне дайындығын қалыптастыруда аталған тәсілдердің жүзеге асырылмауы. Бұл қайшылық университеттік білім беру кезеңінде психология, педагогика және психология мамандық студенттерінің тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивацияның психологиялық әсерін зерттеу ретінде жеткіліксіз мәселесін анықтаған. Бұл қарама-қайшылықтар диссертациялық зерттеу мәселесін негізделген,
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды;</u> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертацияның мазмұны аталмыш зерттеу тақырыбын <i>толық айқындайды</i>. Жұмыста зерттеу үдерісінің барлық негізгі компоненттері келтірілген. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан,

			пайдаланылған ғылыми әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның мақсаты ішкі бірлігі, бұл зерттеудің ғылыми аппаратының жүйелілігімен, тақырыптың айқындылығымен байланысты, зерттеудің мақсаты студенттердің тұлғалық өсуіндегі кәсіби даярланудың мотивациясының педагогикалық-психологиясының теориялық негіздерін ашу, кәсіби даярланудағы мотивациясының қалыптасу ерекшеліктерін зерттеу және талдаудан өткізу болып табылса, зерттеудің міндеттері: 1. Қазақстандық және шетел зерттеулеріндегі студенттердің тұлғалық өсуіндегі кәсіби даярланудың психологиялық теорияларын талдауда, мотивация механизмдеріндегі белсенділік деңгейін жоғарылату мәселесін талдау; 2. Студенттердің тұлғалық өсуіндегі кәсіби даярланудың мотивациясының педагогикалық-психологияның қолданбалы мүмкіндіктерін анықтау және ерекшеліктерін тәжірибе жүзінде зерттеу; 3. Кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивацияның қалыптасуының критерийлерін анықтау және ерекшеліктеріне эмпирикалық зерттеулер жүргізу; 4. Студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивацияның психологиялық әсерін жоғарылату бойынша ұсыныстар әзірлеу;

			5. Студенттердің тұлғалық өсуіндегі кәсіби даярлану мотивациясын дамытудағы арнайы ұйымдастырылған жұмыстардың нәтижелерін практикада және өндірісте қолданысқа енгізу.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертация жұмысының үш бөліміде тығыз байланысты. Диссертацияның зерттеу барысы ішкі бірлікпен логикалық дәйекпен сипатталады. Теориялық дәлелдерді талдай отырып, экспериментте жүйелі бірізділікпен толық байланыстырған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.	Автор зерттеу жұмысын саралай келе, әртүрлі ғылыми әдістемелерді қолдану барысында бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырып, сыни талдау жасалған. Студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивацияға арнайы ұйымдастырылған психологиялық «Педагогика және психология» және «Психология» білім беру бағдарламасы бойынша практикалық жұмыспен бірлікте негізделген. тренингтерді ұсынған.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері толығымен жаңа. Зерттеу мақсатын теориялық талдау арқылы алғаш рет студенттердің тұлғалық өсуіндегі кәсіби даярланудың мотивациясы анықталынып, оның құрылымдық мазмұны тәжірибеде ашылды; - Психологияның жетекші принциптері - детерминизм, іс-

			әрекет пен сананың бірлігі және теория мен практиканы біріктіре отырып алынған зерттеу нәтижелерінің негізінде тұлғалық өсуіндегі кәсіби даярлану мотивациясының концепциясы құрылды; - Алғаш рет ЖОО-дағы білімберу жүйесіне «Тұлғалық өсуі және кәсіби даярлану мотивациясы» атты пәннің арнайы оқу - бағдарламалық кешенінің жоспарды ұсынылып, тәжірибе жүзінде қолданылды; - «Тұлғалық өсуі психологиясы және мотивация» оқу әдістемелік құралы құрастырылған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Диссертацияның қортындылары жаңа болып табылады. Ізденуші зерттеу жұмысын қорытындылай отырып, бұл тақырып бойынша әлі де жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттігін түсінетіндігін, себебі, тұлға психологиясына қызығушылықтың артуы мотивациялық сфераны зерттеудің өзектілігін анықтады, бұл өз кезегінде сөзсіз оның өзегі болып табылады. Адамдардың іс-әрекетінің күрделене түсуі, олардың іс-әрекеті, әлеуметтік ортаның өзгеруі адам мінез-құлқының мотивациясын зерттеуді психологияның өзекті мәселесіне айналдырады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген болып табылады. ЖОО оқыту үрдісінде студенттермен жүргізілген сабақтар, «Тұлғалық өсуі және кәсіби даярлану мотивациясы» атты

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	бағдарламасы жүргізілгендігі негізделеді.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыстың барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан алғанда ауқымды дәлелдемелерде негізделін , диссертация жұмысының негізгі нәтижелері 20 ғылыми еңбектерде жариялаған. Ізденушінің зерттеу жұмысының қортындылары мен нәтижелері негізделген.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ	7.1. Қорғауға ұсынылған барлық негізгі қағидаттар <i>дәлелденген</i>. 7.2. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар <i>тривиалды емес</i>. 7.3 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар жаңа. 7.4. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар қолдану деңгейі кең. 7.5. Ия, мақалада дәлелденген. Автордың жеке қатысуы диссертацияда баяндалған және халықаралық конференцияларда, ғылыми-әдістемелік жинақтар мен журналдарда ғылыми мақалалары жарияланған.
8	Дәйектілік принципі дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u>; 2) жоқ	Ия, әдістеменің тандауы негізделген және әдіснама нақты жазылған. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі сақталған. Әдістемені тандау негізделген, әдістеме жеткілікті егжей-тегжейлі сипатталған. Зерттеу

			бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігімен және зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің, сондай-ақ эксперименттік мәліметтерді статистикалық өңдеу әдістерінің оңтайлы үйлесімін тапқан.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Ия, диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдаланған. Зерделеу барысында бақылау, сұхбат, сұрақ жауап, тестер және әдістемелер қолданылып, пайдаланылды.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Ия, докторант зерттеу жұмысында қорытындылар, эксперименттік көрсеткіштер көрсетілген. «Студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивацияның психологиялық әсерін зерттеу» тақырыбында Өзін-өзі дамыту бойынша іс-әрекеттегі студенттердің белсенділігін зерттеуге арналған «Менің жеке дамуым» әдістемесі (С.С. Кункевич), Жеке құндылық бағдарларының нақты құрылымының диагностикасы (С.С. Бубнова), С.А. Пакулинаның «Студенттердің ЖОО-да табысқа жету мотивациясы» әдістемесі, Маслоудың мотивациялық тесті, Өзін-өзі дамыту және кәсіби-педагогикалық іс-әрекет деңгейін диагностикалау (Л.Н. Бережнова), Өмірлік жеке тұлғалық мақсаттардың жүзеге асуында өз-өзінді бағалау (Н.Р. Молочников), Т.И. Ильинаның

			жоғары оқу орындарында оқыту мотивациясын зерделеу әдістемелер эксперименттік бөлімінде зерттеулер жүргізіліп дәлелденген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған /ішінара расталған/ расталмаған	Ізденуші докторант ғылыми зерттеу жұмысында өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасай отырып, мәнді мәлімдемелерді растайды. Диссертацияда отандық, және шетелдік ғылыми әдебиеттерге сілтемелер берілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті / жеткіліксіз	Диссертациялық жұмыста 216 атаудан тұратын дереккөздерге сілтемелер берілген. Тақырып бойынша осы әдебиеттерді зерделей келе, ізденуші алдына қойған мәселені шешуге жан-жақты қарастырғандығы байқатып, әдеби шолуға жеткілікті деп санаймын.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Ия, теориялық талдау қазіргі уақытта мотивация, психология, педагогика, әлеуметтану ғылымдарының зерттеу пәні бола отырып, жеткілікті кең ауқымды анықтамаларға ие екенін көрсетті. Бірақ олардың барлығы бір жағынан ұқсас: мотив жеке тұлғаның белсенділігімен байланысты. Кәсіби және тұлғалық даму мәселесі тұрақты өзектілікке ие, ол адам өміріндегі кәсіби іс-әрекеттің маңыздылығымен анықталады. Қазіргі уақытта отандық және шетелдік әдебиеттерде тұлғаның кәсіби дамуы мен маманның тұлғалық дамуының жоғары кәсібилік пен шеберлік деңгейіне жетуі туралы теориялық маңыздылығын сипаттайды.

		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u>	Ия, жоғары оқу орындарында студенттердің кәсіби білім жүйесін сандық деңгейден сапалық деңгейге көтерудің теориялық-эмпирикалық негізі ретінде; болашақ педагог-психологтардың кәсіби мотивациясының жағымды қалыптасуына кәсіби даярлық мазмұны арқылы әсер ету жолдарының психологиялық шарты ретінде; жоғарғы оқу орнында болашақ мамандардың кәсіби мотивациялық сферасын психологиялық зерттеудің салыстырмалы мәліметі ретінде пайдалануға болады. Сонымен қатар, эксперименталдық зерттеуде қолданылған әдістемелер студенттердің кәсіби құзыреттілігін жоғарылату мен оқу - тәрбие үдерісін ұйымдастыру сапасын арттыруда мектептерде, колледждерде пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u>; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен	Докторанттың диссертация жұмысы жазу және ресімдеу сапасы жоғары. Жұмыс талаптарға сай орындалған.

Қорытындылай келе, диссертацияда жоғарыда айтылған жетістіктермен бірге келесі кемшіліктер мен ұсыныстарды айтуға болады:

1. Докторант ғылыми-зерттеу жұмысында студенттердің «тұлғалық өсу» туралы Отандық ғалымдар еңбектеріне жасалған талдаулар жетіспейді.

2. Зерттеудің практикалық бөлімінде ЖОО-дағы білім беру жүйесіне «Тұлғалық өсуі және кәсіби даярлану мотивациясы» атты пәннің арнайы оқу - бағдарламалық кешенінің жоспарын нақты талапқа сай ұсынылса.

3. Диссертациялық жұмыста стилистикалық және техникалық қателіктер кездеседі.

Дегенмен де, көрсетілген кемшіліктер мен ұсыныстар жұмыстың негізгі мазмұны мен тақырыптың өзектілігіне айтарлықтай нұсқан келтірмейді және *академиялық адалдық принциптеріне сәйкес* деп бағалаймын.

Мамекова Асем Танирбергеновна 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивацияның психологиялық әсерін зерттеу» тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ұсынған талаптарына сәйкес орындалған. Докторант 6D010200 - Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Сондықтан бұл диссертациялық жұмысты диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынамын.

Пс.ғ.к., Павлодар педагогикалық
Университеті, педагогика жоғары
мектебінің профессоры



Аплашова А.Ж.

«Павлодар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
ПОДПИСЬ	КОШЫН РАСТАЙМЫН
ПББ БАСТЫҒЫ / НАЧАЛЬНИК ОУП	
Некоммерческое акционерное общество «Павлодарский педагогический университет»	